

Саналы өнерін саз өнеріне арнаған

«Жыл адамы - 2015» атағына ие болған музыка маманы, ардагер ұстаз Әмина Сарманқызы жайында

Әр саладағы еңбек адамына берілетін бұл атақ-ардагер үшін абырой, қызметі үшін құрмет, жасы жетпістің жотасынан әрі асқан жасамыш кісі үшін еткен еңбек, төккен тер мехнатына берілетін марапат болар, бәлкім. Оған кімдер лайық? Ол қандай адам?

Иә, ол өмірі мен өнері көзі көргендердің айтар аңызына айналған атақты сазгер Бақытжан Байқадамовтың кешелі - бүгінгі құдіретті сөз өнерінің абызына айналған - Ақан Нұрмановтың, Сабит Досановтың іні жатқан.

Байғабыл-алтын арқау ақтарыған
Жайраңдай Торғай аққан қалғалыңан
Елің бай, жерің жаннат, суың қаусар
Жағанан іздегенге бақ табылған.

- деп жырға қосатын бастауын Ұлытаудан алып, Ұлы даланы көктей өтіп, аяғы теңізге құжтын бір өзеннің жағасында дүниеге келіп, бақытты өнерден тапқан Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткерлері - Жұмағали Өмірбеков пен Қалибек Деріпсалдиннің, халықаралық байқаудың лауреаттары Ақтұрсын Әжібәева мен Жақсылық Ақшөптеңің, Қазақстан Республикасының халық әртісі - Ғазиза Жүмекенова мен күміс көмей Құлаш Кәйлаңқызының танымал өнерпаз - Болғанбай Ақшалов пен дауысы әлемді мойындатқан опера әншісі Сүндет Байғожиннің, республикалық «Айгөлек» ән байқауының «Гран-при» иегері - Айару Орманованың кіндік қаны тамып, ит жидесін жүган киелі Байғабыл топырағының төл тумасы.

Ол - ардақты ана, ардагер ұс-

жетекшісі Әмина Сарманқызы.

Әмина апай 1945 жылдың 24 ақпанында Амангелді ауданы Калинин колхозы 1-май ауылдық советіне қарасты Байғабыл ауылында «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин» ордендерінің иегері - атақты шопан Сарман Ембергеновтың отбасында дүниеге келген.

Атақты шопан демекші, кешегі Кеңес Одағы ыдырағанға дейінгі кезеңде қой өсіруші «Сармановтар династиясын» облыс көлемінде білмейтін адам кемде-кем.

Әмина апай 1959 жылы Байғабыл жеті жылдық мектебін ойдағыдай аяқтап, сол жылы Меңдіқарадағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училищесіне түсіп, 1963 жылы бітіреді. Түбінде жоғары білім алып, математика пәнінің мұғалімі боламын деген арман жетегіндегі 18 жасар бойжеткен Алматыға аттанады. Бұл Алматыдағы айтулы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты жанынан Бақытжан Байқадамовтың бастамасымен музыка факультетінің жаңадан ашылып жатқан кезі болатын. Жас қыз алғашқы райынан қайтып, Бақытжан ағаның мқпалымен осы факультетке студент болып қабылданады. 1967 жылы институтты ойдағыдай аяқтаған жас маман арнайы жолдамамен Арқалық музыка мектебіне мұғалім болып келеді. 1961 жылы іргетасы қаланған музыка мектебі Торғай облысы ыдырағанға дейін жемісті жұмыс жасап келгені баршаға аян.

Қыпшықты мен қызығы қатар жүретін ұстаздық жолдың қилу еңбек майданы дәл осы жылдары басталып еді. Қала ішінде атқарылатын көптеген мәдени іс-шаралардың алдының шебінде музыка мектебі жүретін. Сол кез-



қалалық партия конференциялары, 8-наурыз, 7-қараша, 1-мамыр мерекелері мен жыл сайынғы өтетін «Балалар мен жасөспірімдердің музыка апталығының» басы-қасында мектеп өнерпаздары жүретін. Балалардың халық аспаптар ансамблі Бораш Қазыбекұлы Әбенев, би үйірмесін Бархат Бушаева, 60 балалық хор ұжымын Әмина апай басқаратын. Сол жылдары мектеп Алматыда өткен «Өнерге қанат қаққандар» - атты телевизиялық конкурсқа қатынасқан екен. Концерттік бағдарламаны белгілі музыка маманы Төкен Елтебаевтың ретпен бергенін мақтанышпен еске алады Әмина апай.

1974 жылы облыс операпаздары Алматыдан «Арқалық-Бүкілодақтық комсомолдық екінің құрылыс қаласы» атты телевизиялық бағдарлама берді. Әмина апайдың мәдениет пен өнердегі ауыз толтырып айтарлық еңбектері мұнымен шек-

жоғарғы оқу орны Ш.Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институт жанынан алғашқы жылдары құрылған 108 адамдық хор ұжымын ұйымдастырып, оған жетекшілік жасаған да Әмина Сарманқызы болатын.

1997 жылы музыка мектебі қалалық оқу бөлімінің қаржыландыруынан ажырап қалған кезеңде 2003 жылға дейін белгілі музыка мамандары Еркін Қожахметов, Татьяна Васильевна Маяевская, Жұмабаева Дүрияш Мұханбетжанқызы, Литвинова Нина Сергеевна, Елеунова Қуаныш Файылқызы, Петров Борис Георгиевич, Райхан Қасимова мен Әмина Сармановалар қосалқы жұмыс ретінде сабақ беруін тоқтатпады. Міне, сол Бақытжан Байқадамов атындағы музыка мектебіне биыл 55 жыл толмақ.

1997 жылдан 2013 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша Н.Құлжанова атындағы педагогикалық колледжде музыка пәнінен

дығы музыка пәнінің мұғалімі болғанымен сырт қараған адам оны кәсіби хор жетекшісі деп қабылдайды. Бүгінде ардагерлердің «Қазына» ансамбліндегі жасы егде тартқан қарияларды тембіріне қарай дауысқа бөліп орындаушылық шеберлік шыңына көтеруі - нағыз кәсіби хор жетекшісінің ғана қолынан келетін іс.

Мысалы, әйелдердің - «сопрано», ерлердің - «жоғарғы тенор», әйелдердің - «төменгі альттері», «эхо» үн қосуы, немесе «сопранолар» мен «тенорлардың» қосылып оған ерлердің - «төменгі бас» тембірі бірігіп, шығарманың шарықтау шегінде төрт дауыстың бірге үндесуі тыңдаушыға ғажайып құбылыс болғанымен, орындаушы үшін шын шеберлікті қажет ететін еңбек. Бұл - әр әннің табиғаты мен мазмұнына қарай өзгеріп отыратын заңдылық.

Иә, ардагер ұстаздың жарты ғасырлық еңбек жолын бір ғана шағын мақалаға сыйдыру оңай болмас.

Әмина апай ұстаздық жолда жасаған жемісті еңбегі үшін ар жылдарда бірнеше мәрте қала әкімдігінің Алғыс хатымен, облыстық оқу бөлімінің, облыстық кәсіподақтардың, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грамоталарымен марапатталған екен. Биылғы жылы қалалық ардагерлер ұйымының ұсынысымен қала әкімі Ғазиз Ерболтауының қолынан 2016 жылдың «Жыл адамы» марапаты тапсырылды. Бұл үстіміздегі мешін жылының 24 жұлдызында 71 жасқа толатын Әмина Сарманқызының туған күніне лайықты тарту болмақ.

Молдатай ЖАПАРУЛЫ,
қалалық ардагерлер

ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!



Таныстырған 42 әріппен!

Фурманов орта мектебінде Диана Өміржанованың ұйымдастыруымен 1-сынып оқушыларының «Таныстырған 42 әріппен, қош бол менің қасиетті әліппем!» атты әліппемен қоштасу кеші өткізілді. Мереке мектеп басшысы Ақмарал Шалдыбайдың құттықтау сөзімен басталды.

Мерекелік шарада ақ жаулықты әжелереміз шашуларын шашты. Бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетіп,

ән мен жыр орындады. Сонымен қатар оқушылар өз білімдерін көрсету мақсатында мұғалім тарапынан қойылған сұрақтарға еш мүдірмей жауап беріп, алғырлықтарын байқатты. Өткізілген іс-шараға ата-аналар біркісідей атсалысып, бүлдіршіндердің өнерлеріне дән риза болды. Кішкентай ғана балғын балалар болашақта Отанымыздың бір кірпіші болып қалануына тілекшіміз!

Әсем ӘБІЛДИНА,
ата-ана.

